**2005 жылғы 1 наурыздағы жағдай бойынша банктік емес ұйымдардың ағымдағы жағдайы**

2005 жылғы 1 наурыздағы жағдай бойынша республикада 89 кредиттік серіктестік қызметін жүзеге асыруда, оның ішінде 53 ауылдық кредиттік серіктестік, жұмыс істеп тұрған кредиттік серіктестіктердің 67-і Қазақстан Республикасы Үкіметінің «Аграрлық секторды кредиттеу мәселелері туралы» 2001 жылғы 25 қаңтардағы № 137 қаулысын іске асыру шеңберінде құрылды; 78 ломбард және банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын өзге 48 ұйым, оның ішінде 3 ипотекалық компания.

| №<br>№ | Ұйымның атауы<br>Наименование организаций | 01.01.2005 | 01.03.2005 |
|---|---|---|---|
| 1 | **Кредиттік серіктестіктер**<br>Кредитные товарищества | 83 | 89 |
| 2 | Ипотекалық компаниялар<br>Ипотечные компании | 3 | 3 |
| 3 | Ломбардттар<br>Ломбарды | 75 | 78 |
| 4 | Басқа ұйымдар<br>Прочие организации | 43 | 45 |
| | **Жиынтығы**<br>**Итого** | **204** | **215** |

**Активтер**. 2005 жылғы 1 наурыздағы жағдай бойынша кредиттік серіктестік активтерінің жиынтық мөлшері өткен аймен салыстырғанда 655 млн. теңгеге немесе 6,5 %-ке ұлғайып, 10 786 млн. теңгені құрады. Кредиттік серіктестік активтерінің құрылымында үлкен бөлікті заңды және жеке тұлғаларға берілген заемдар – 70,7% және банктердегі салымдар – 16,8% алып отыр, банк аралық кредиттердің және бағалы қағаздар портфелінің үлесі елеусіз болды.

Ипотекалық компаниялардың жиынтық активтері бір айда 1 668 млн. теңгеге немесе 4,1%-ке ұлғайып, 2005 жылғы 1 наурыздағы жағдай бойынша 42 231 млн. теңге болды. Ипотекалық компаниялар активтерінің құрылымында үлкен бөлікті заңды және жеке тұлғаларға берілген заемдар (90,5%) және бағалы қағаздар портфелі (7,0%-ті) алып отыр.

(млн. теңге)

| №№ | Атауы<br>Наименование | 01.01.2005 | 01.03.2005 | |
|---|---|---|---|---|
| | | Активтер<br>Активы | Активтер<br>Активы | Өсімі (%)<br>Прирост (%) |
| 1 | Кредиттік серіктестіктер<br>Кредитные товарищества | 10 219 | 10 786 | 5,5 |
| 2 | Ипотекалық компаниялар<br>Ипотечные компании | 39 005 | 42 231 | 8,3 |
| 3 | Ломбардттар<br>Ломбарды* | 6 716 | * | * |
| 4 | Басқа ұйымдар<br>Прочие организации** | 96 593 | ** | ** |

**Кредиттік портфель.** 2005 жылғы 1 наурыздағы жағдай бойынша кредиттік серіктестіктердің кредиттік портфелі құрылымында елеулі бөлікті стандартты кредиттер алып отыр, олардың үлесі 78,9% болды. Соңғы айда кредиттік серіктестіктердің стандартты кредиттерінің үлесінің ұлғайғаны байқалып отыр (75,6%-тен 78,9%-ке). Сонымен бірге күмәнді кредиттердің үлесі 24,2%-тен 20,9%-ке дейін азайып, соңғы айда үмітсіз кредиттер үлесі өзгерген жоқ. – 0,2%.

Ипотекалық компаниялар бойынша стандартты кредиттердің үлес салмағы 99,2%, күмәнді - 0,5%, үмітсіздер - 0,3% болды. Ипотекалық компаниялардың кредиттік портфелі өткен есепті күнгі жағдай бойынша мына жағдайда көрінді: мұнда стандартты кредиттердің үлесі -99,15%, күмәнді- 0,82%, үмітсіз - 0,03% болды.

( млн. теңге)

| №<br>№ | Атауы<br>Наименование | 01.01.2005 | 01.03.2005 | |
|---|---|---|---|---|
| | | Заемдар<br>Займы | Заемдар<br>Займы | Өсімі (%)<br>Прирост (%) |
| 1 | Кредиттік серіктестіктер<br>Кредитные товарищества | 8 367 | 7 822 | -6,5 |
| 2 | Ипотекалық компаниялар<br>Ипотечные компании | 35 307 | 38 375 | 8,7 |
| 3 | Ломбардттар<br>Ломбарды* | 2 930 | * | * |
| 4 | Басқа ұйымдар<br>Прочие организации** | 50 252 | ** | ** |

Жылдың өткен айында кредиттік серіктестіктердің жиынтық **міндеттемелерінің** жалпы сомасы 195 млн. теңгеге немесе 3,6%-ке ұлғайып, 2005 жылғы 1 наурызда 5 596 млн. теңге болды. Кредиттік серіктестік міндеттемелерінің ең көп бөлігін алынған заемдар -84,7% құрайды, 2005 жылғы 1 ақпанда олардың жиынтық міндеттемелердегі үлесі 79,6% болды.

Ипотекалық компаниялар бойынша міндеттемелердің жиынтық мөлшері ақпан айында 1 573 млн. теңгеге немесе 4,4 %-ке ұлғайды және 2005 жылғы 1 наурыздағы жағдай бойынша 37 094 млн. теңге болды. Мұндайда ипотекалық компаниялардың міндеттемелер құрылымында айналысқа жіберілген бағалы қағаздар (80,9%-ке) және басқа банктерден алынған заемдар (14,1%-ке) басым болғанын атап өткен жөн.

( млн. теңге)

| №<br>№ | Атауы<br>Наименование | 01.01.2005 | 01.03.2005 | |
|---|---|---|---|---|
| | | Міндеттемелер<br>Обязательства | Міндеттемелер<br>Обязательства | Өсімі (%)<br>Прирост (%) |
| 1 | Кредиттік серіктестіктер<br>Кредитные товарищества | 5 746 | 5 596 | -2,6 |
| 2 | Ипотекалық компаниялар<br>Ипотечные компании | 34 139 | 37 094 | 8,7 |
| 3 | Ломбардттар<br>Ломбарды* | 1 601 | * | * |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| 4 | Басқа ұйымдар<br>Прочие организации** | 73 879 | ** | ** |

**Капитал.** Кредиттік серіктестіктердің балансы бойынша жиынтық меншікті капитал бір айда 460 млн. теңгеге немесе 9,7%-ке ұлғайып, 2005 жылғы 1 наурызда 5 190 теңге болды.

Ипотекалық компаниялардың меншікті капиталы өткен аймен салыстырғанда 95 млн. теңгеге немесе 1,9%-ке ұлғайып, 2005 жылғы 1 наурызда 5 137 млн. теңге болды.

( млн. теңге)

| №№ | Атауы Наименование | 01.01.2005 | | | 01.03.2005 | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | | Меншікті капитал Собст. кап-л | Соның ішінде В том числе | | Меншікті капитал Собст. кап-л | Соның ішінде В том числе | |
| | | | Жарғы капиталы Уст. капитал | Бөлінбеген таза кіріс (өтелмеген шығын) Нераспр. чистый доход (непокр. убыток) | | Жарғы капиталы Уст. капитал | Бөлінбеген таза кіріс (өтелмеген шығын) Нераспр. чистый доход (непокр. убыток) |
| 1 | Кредиттік серіктестіктер Кредитные товарищества | 4 473 | 3 164 | 183 | 5 190 | 3 620 | 43 |
| 2 | Ипотекалық компаниялар Ипотечные компании | 4 867 | 3 770 | 687 | 5 137 | 3 810 | 206 |
| 3 | Ломбардттар Ломбарды* | 4 150 | 4 444 | -257 | * | * | * |
| 4 | Басқа ұйымдар Прочие организации ** | 22 714 | 17 669 | 1 325 | ** | ** | ** |

Ломбардтар есепті жылдық негізде береді.

** банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдар есепті тоқсан сайынғы негізде береді.

*Ақпаратты Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі даярлады.*